

10 ақпан
Сейсенбі,
2026 жыл

uil-gazet@mail.ru
[Kokjar_tynysy](#)

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады

Ойыл

ТАБЫЛДЫҢ «ТАҢДАМАЛЫ» ЕҢБЕГІ ҚАЛЫҢ ОҚЫРМАНҒА ҰСЫНЫЛДЫ

АСТАНАДАҒЫ Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНАСЫНЫҢ АҚСЕЛЕУ СЕЙДІМБЕК ЗАЛЫНДА ЖЕРЛЕСІМІЗ, КӨРНЕКТІ ЖАЗУШЫ, ЖУРНАЛИСТ, АРХИВТАНУШЫ ТАБЫЛ ҚҰЛЫЯСТЫҢ 90 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫНА АРНАЛҒАН ӘДЕБИ-МӘДЕНИ КЕШ ӨТТІ. ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ МЕН ЖУРНАЛИСТИКАСЫНЫҢ БЕДЕЛДІ ӨКІЛІ, ХАЛЫҚАРАЛЫҚ «АЛАШ» ӘДЕБИ СЫЙЛЫҒЫНЫҢ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІ СЫЙЛЫҒЫНЫҢ ИЕГЕРІ, ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕҢБЕК СІҢІРГЕН МӘДЕНИЕТ ҚАЙРАТКЕРІ, ҚАЗАҚСТАН ЖАЗУШЫЛАР ОДАҒЫНЫҢ МҮШЕСІ ТАБЫЛ ҚҰЛЫЯС ТУҒАНЫНА ТОҒЫЗ ОН ЖЫЛ ТОЛУЫНА ОРАЙ ЕСКЕ АЛЫНДЫ. ШАРАНЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ МЕН ҚАЗАҚСТАН ЖАЗУШЫЛАР ОДАҒЫ БІРЛЕСІП ҰЙЫМДАСТЫРДЫ.



Кеш аясында қаламгердің жаңадан жарық көрген алты томдық «Таңдамалы» шығармалар жинағының тұсаукесер рәсімі өткізілді. Бұл көптомдық басылымға жазушының әр жылдары жарық көрген таңдаулы туындылары мен мұрағаттық еңбектері енгізілген. Сондай-ақ осы кеште суретшінің салуымен дайындалған жазушының жаңа портреті көпшілікке таныстырылды. Университет кітапханасында арнайы «Табыл Құлыяс қоры» ашылып, қаламгердің кітаптары, қолжазбалары мен оған қатысты зерттеу еңбектері оқырман назарына ұсынылатын болды. Жазушының ғылыми, әдеби және журналистік еңбектерінен құралған көрме де кеш қонақтарының қызығушылығын тудырды. Мерейтойлық жиынға мемлекет және қоғам қайраткерлері, әдебиет пен ғылым қауымының өкілдері, белгілі академиктер, танымал жазушылар мен журналистер, сондай-ақ жас

зерттеушілер қатысты. Салтанатты кештің қадірлі қонақтары қатарында қаламгердің жары мен туған-туыстары да болып, олар жазушының рухына көрсетіліп отырған құрметке ризашылықтарын білдірді. Кеш барысында сөз алған әріптестері мен замандастары, шәкірттері қаламгер туралы жүрекжарды лебіздерін айтып, естелік әңгімелерімен бөлісті. Олар Табыл Құлыясстың қазақ әдебиеті мен баспасөзіндегі өлшеусіз еңбегін атап өтіп, оның шығармалары бүгінгі оқырман үшін де маңызын жоймағанын ерекше тілге тиек етті. Шығарма өнерінде өзіндік қолтаңбасын қалдырған Табыл Құлыяс әсіресе сатиралық жанрдағы туындыларымен кең танылды. Жиында сөйлеген сөздерінде баяндамашылар жазушының қоғамның кем-кетігін күлкі арқылы әшкерелеген өткір шығармаларын жоғары бағалады. Мәселен, қаламгердің 1977 жылы жарық көрген тұңғыш

сатиралық жинағы «Кесілген бұрым» мен кейінгі жылдары жарық көрген «Жалмауыз», «Ақмылтық» сынды туындылары қазақ сатирасының дамуына үлкен серпін берді деп атап өтілді. Сондай-ақ прозалық шығармаларына тоқталып, оның Жиенғали Тілепбергенов туралы жазған «Аңыз ізімен» тарихи романы мен түрлі очерктер жинақтары ұлт әдебиетін байытқан құнды дүниелер екені сөз болды. Жаңа шығарылған таңдаулы шығармалар жинағы осы айтулы еңбектердің барлығын қамтып, қаламгер мұрасын қайта жаңғыртып отыр. Кеште қаламгердің көзін көрген замандас-достары оның қарапайым да қағылез мінезін, принципшіл болмысын тебірене еске алды. Олар Табыл ағамен қызметтес болған жылдардағы қызықты оқиғаларды, шығармашылық жолындағы елеулі сәттерді әңгімелеп, залдағы қауымды біресе күлдіріп, біресе толқытты.

Бұл естеліктер жазушының тек талантты қаламгер ғана емес, сонымен бірге адамгершілігі мол, ұлтжанды тұлға болғанын жан-жақты аша түсті.

Жас зерттеушілер мен қаламгердің ізбасарлары да сөз алып, ұлы ұстаздың өнегесі мен шығармаларынан үйреніп жүргендерін, оның мұрасы өздеріне шабыт беретінін айтты. Әдеби кештің сөнін ән мен күй кіргізді. Сахнада дәстүрлі өнерпаздар күмбірлетіп күй төгіп, әуелете ән шырқады. Әсем әуендер мен күміс күй кештің мазмұнын байытып, рухани шараның әсерлі өтуіне ықпал етті. Кеш соңында көпшілік қауым ұйымдастырушыларға алғыс айтып, осындай тағылымды басқосудардың маңызын ерекше атап өтті. Шара қорытындысында сөз сөйлеген зиялы қауым өкілдері мен қонақтар бұл кездесудің жазушы рухына тағзым етіп қана қоймай, оның бай мұрасын жаңа буынға насихаттаудың жарқын үлгісі болғанын тілге тиек етті. Жаңадан ашылған арнайы қор мен жарық көрген көптомдық шығармалар жинағы алдағы уақытта қаламгер есімін жаңғыртып, ұрпақтар сабақтастығын жалғауға қызмет етпек. Осындай тағылымды шарада аудан әкімі Асқар Қазыбаевтың атынан қаламгер еңбегіне құрмет ретінде 500 000 теңге көлемінде кітаптарын сатып алуға арналған сертификат табысталды. Бұл қолдау аудан кітапханаларының қорын толықтырып, оқырмандарға сапалы рухани мұра ұсыну. Сонымен қатар, шығармашылық мұрасына көрсетілген ілтипаттың белгісі ретінде аудан эмблемасы бейнеленген арнайы естелік сыйлық табысталды.

ӘКІМ САЙЛАУЫ 2026

ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚАЙЫНДЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ӘКІМІН САЙЛАУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ ТУРАЛЫ ХАБАРЫ



2026 жылғы 8 ақпанда Ақтөбе облысы Ойыл ауданының Қайыңды ауылдық округі әкімінің сайлауы өтті.

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 14-бабының 9) тармақшасына, 44-бабының 2-тармағына, 45-бабына, 113-10-бабына сәйкес учаскелік сайлау комиссияларының Қайыңды ауылдық округі әкімі сайлауының нәтижелері туралы хаттамалары негізінде Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы сайлаудың қорытындысын шығарды:

**Қайыңды сайлау округі
Қайыңды ауылдық округі әкімінің сайлауы бойынша:**

Сайлау округі бойынша сайлаушылар тізіміне 501 азамат енгізілді, олардың – 263 дауыс берді. Жарамсыз бюллетеньдер саны - 3, «Бәріне қарсымын» деген жолда белгі қойылғаны - 4. **Өрбір кандидат үшін берілген дауыстар саны:** Бисебаев Д.К. – 194; Галымжанов Д.Г. – 22; Туремуратов М.О. – 40.

Бисебаев Даурен Каржауович – 1976 жылы дүниеге келген, «Ойыл аудандық Мансап орталығы» КММ-нің директоры, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласының тұрғыны, «AMANAT» партиясы ұсынған, Қайыңды ауылдық округінің әкімі болып сайланды.

ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ОЙЫЛ АУДАНЫ ҚАЙЫНДЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ САЙЛАНҒАН ӘКІМІН ТІРКЕУ ТУРАЛЫ ХАБАРЫ

10 ақпан 2026 жыл

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 14-бабының 9) тармақшасына, 45-бабына, 113-11-бабына сәйкес 2026 жылғы 8 ақпанда өткен Ойыл ауданының Қайыңды ауылдық округі әкімін сайлау қорытындысы туралы Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы хаттамасының негізінде

Қайыңды ауылдық округі бойынша:

Бисебаев Даурен Каржауович – 1976 жылы дүниеге келген, «Ойыл аудандық Мансап орталығы» КММ-нің директоры, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласының тұрғыны, «AMANAT» партиясы ұсынған, Қайыңды ауылдық округінің әкімі болып тіркелді.

Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ - ЖҮЙЕЛІ САЯСАТТЫҢ ӨЗЕГІ

Сыбайлас жемқорлықпен барлық деңгейде күресу – мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарының бірі. Мемлекет басшысы өз сұхбаттарында атап өткендей, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл тек жазалау шараларымен шектелмей, ең алдымен оның алдын алуға бағытталған жүйелі саясатты қалыптастыруды талап етеді. Осы тұрғыда түсіндіру және ағарту жұмыстары шешуші рөл атқарады. Бұл бағыт Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің (бұдан әрі – Агенттік) негізгі бағдары болып, бүгінде ведомство қызметінің стратегиялық өзегіне айналды. Агенттіктің басты мақсаты – сыбайлас жемқорлықты қызу бұзушылықтарын туындататын себептер мен жағдайларды анықтап, оларды түбегейлі

жою. Ол үшін тәуекелдерді ерте кезеңде айқындап, алдын алу тетіктерін енгізу көзделген. Аталған тәсіл өңірлік деңгейде де жүйелі түрде іске асырылуда. Атап айтқанда, бұл функция Агенттікке берілген сәттен бастап, Ақтөбе облысы бойынша Департаменті тарапынан 365 ағарту іс-шарасы өткізілді. Бұл жұмыстар жергілікті және республикалық деңгейдегі мемлекеттік органдарда, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектілерінде жүргізілді. Кездесулер барысында сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтау, қызметтік әдеп нормалары, мүдделер қақтығысын болғызбау және заңнамадағы жаңашылдықтар жан-жақты түсіндірілді. Сонымен қатар, 2025 жылы әдеп жөніндегі уәкілдердің қатысуымен 68 түсіндіру және оқыту іс-шарасы өткізіліп, қы-

зметтік әдепті сақтау мәселелеріне ерекше назар аударылды. Қоғамда адалдық қағидаттарын нығайту мақсатында профилактикалық шаралар түрлі әлеуметтік топтарды қамтыды. Осы орайда облыс аумағында департаменттің ұйымдастыруымен мектеп директорлары, педагогтер және ата-аналар қауымдастығымен кең көлемді кездесулер өткізілді. Білім беру саласындағы ашықтық пен әділдік мәселелері талқыланып, жас ұрпақ тәрбиесіне тікелей әсер ететін ортада сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік мәдениетін қалыптастыру басты назарда болды. Жастардың белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыру да маңызды бағыттардың бірі ретінде айқындалды. Осы мақсатта 250-ге жуық белсен-

ді жастың қатысуымен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы көшбасшы мектебі» атты республикалық форум ұйымдастырылды. Форум аясында қатысушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру, көшбасшылық қабілеттерін дамыту және әділдік құндылықтарын дәріптеу арқылы жастардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасын нығайту көзделді. Түсіндіру және ағарту жұмыстарымен қатар, талдамалық бағыттағы іс-шаралар да кешенді түрде жүзеге асырылуда. Агенттік төрағасының бекітілген жоспарларына сәйкес, 2026 жылдың бірінші жартыжылдығында республика көлемінде 22 салада сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізу жоспарланған. Ақтөбе облысында бұл тізімге экология саласының енгізілуі қоршаған

ортаны басқару саласындағы ашықтықты арттыру қажеттігін көрсетеді. Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігін арттыру мақсатында 29 салада мониторинг жүргізу көзделген. Қазіргі уақытта Департамент мектепке дейінгі білім беру ұйымдары мен тұрғын үйді мемлекеттік бөлу мәселелері бойынша кешенді мониторинг жүргізіп отыр. Бұл жұмыстар әлеуметтік маңызы бар салаларда әділдік пен теңдікті қамтамасыз етуге бағытталған. Мемлекеттік кірістер саласында жүргізілген мониторинг нәтижесінде де бірқатар нақты тәуекелдер анықталды. Атап айтқанда, рейдтік тексерістер кезінде бейнежазба құралдарының пайдаланылмауы және тексерілетін объектілерді іріктеудің нақты критерийлерінің

болмауы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін арттыруы мүмкін екені белгілі болды. Жалпы алғанда, атқарылып жатқан барлық жұмыстардың түпкі мақсаты – сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор қызметінің ашықтығын арттыру, сондай-ақ қоғамда заңдылық пен адалдық қағидаттарын орнықтыру. Бұл бағыттағы жүйелі саясат мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттырып, азаматтардың мемлекетке деген сенімін нығайтуға берік негіз қалайды.

Бекзат МАМЫТХАНОВ,
Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік қызмет істері
агенттігінің Ақтөбе облысы
бойынша департаменті сы-
байлас жемқорлықтың ал-
дын алу басқармасының бас
маманы.

САЙЛАУ - ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТЫҢ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ

Сайлау жүйесінің тарихына көз салсақ, сонау замандарда Грекия елінен бастау алған екен. Ежелгі елде халықтың негізгі мәселелерін шешу үшін «халық жиналысы» өтіп, онда мәселені дауыс беру арқылы шешу тәжірибесі қолданылған. Бұл күнді атап өту дәстүрі 2005 жылы Еуропа елдерінің сайлауын ұйымдастырушылар қауымдастығының (ЕЕСҰҚ) бастамасымен басталды және оны Біріккен Ұлттар Ұйымы қолдады. Дүниежүзілік сайлау күні жыл сайын ақпанның бірінші бейсенбісінде атап өтіледі, өйткені Халықаралық сайлау туралы келісімдерге ақпан айының басында қол қойылды. Бұл күннің мақсаты-демократиялық сайлаудың маңыздылығын еске салу, сайлаушылардың белсенділігін арттыру. Қазақ халқына да сайлау жүйесі күні кеше келді деп айта алмаймыз. Неге десеңіз, Есім ханның ескі жолы, Қасым ханның қасқа жолы деп келетін заңдар жүйесі, Өз-Тәукенің «Жеті жарғы» қағидалары ха-

лықтың талқылауынан өтіп барып және билердің, жүздердің, ру-тайпалардың өкілдерінің қатысуымен дауыс беру арқылы қабылданғаны тарихтан белгілі. Қазіргі уақытта «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» ҚР Конституциялық заңымен аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің тікелей сайлауын өткізу тәртібі регламенттелген. Қазақстанда сайлау өткізудің ережелері, рәсімдері және негізгі принциптері «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы», «Республикалық референдум туралы», «Қазақстан Республикасының Президенті туралы», «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының конституциялық заңдарында, сондай-ақ бірқатар басқа нормативтік құқықтық актілерде белгіленеді. Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері 7 рет, оның ішінде 3-і кезектен тыс, 4-і кезекті

Президен сайлауы өтті. «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңға енгізілген соңғы өзгерістерге сәйкес ҚР Президентінің өкілеттік мерзімі 7 жыл және ол бір мерзімге ғана сайланады (ҚР Конституциясының 41,42 баптары). Еліміз егемендігін жариялағаннан бері 8 рет Парламент Мәжілісі мен мәслихаттар депутаттарының сайлауы өтті. Қазақстан Республикасының Парламенті тұрақты негізде жұмыс жасайтын екі Палатадан: Сенат және Мәжілістен тұрады. Сенат депутаттары әр облыстан, республикалық маңызы бар қалалар мен республика астанасынан 2 депутаттан жанама сайлау арқылы яғни таңдаушылар жиналысында сайланады, олардың жартысы әр 3 жыл сайын қайта сайланып отырады, ал 15 депутатты Президент тағайындайды (ҚР Конституциясының 50 бабы). Мәжілістің 98 депутаты партиялық тізіммен және бірмандатты сайлау округтері бойынша жалпыхалықтық дауыс беру арқылы сайланса. 9 депутат Қазақстан халқы Ассамблеясынан сайланды (ҚР Конституциясының 51 бабы).

Облыстық мәслихат депутаттары пропорциональды жүйемен, яғни жартысы партиялық тізіммен, қалған жартысы бірмандатты сайлау округтері бойынша сайланса, аудандық мәслихат депутаттары тек бірмандатты сайлау округтері бойынша сайланады. Қазіргі уақытта «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» ҚР Конституциялық заңымен аудан, облыстық маңызы бар қала, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің тікелей сайлауын өткізу тәртібі регламенттелген. 2013 жылдың 7 тамызында Қазақстан Республикасындағы 2457 әкімшілік-аумақтық бірлікте жергілікті әкімшіліктердің басшылары (әкімдер) жанама сайлау арқылы яғни таңдаушылар жиналысында сайланды. 2013-2021 жылдар аралығында ауданда 10 ауылдық округ әкімі мәслихат депутаттары арқылы

сайланды. 2021 жылдың шілдесінен бастап елімізде аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерін халықтың дауыс беруі арқылы сайлау жүйесі енгізілсе, 2023 жылдың қарашасынан бастап пилоттық негізде аудан, облыстық маңызы қалалардың әкімдерін сайлау енгізілді. Осы өзгерістер енгізілгеннен бері аудан бойынша 12 рет ауылдық округтер әкімдерінің және 2023 жылдың 5 қарашасында пилоттық негізде аудан әкімінің сайлауы өткізілді. Соның нәтижесінде біздің аудан бойынша аудан және 7 ауылдық округтің әкімдері тікелей халықтың дауыс беруімен сайланды. Аудан бойынша 7 мүшесі бар (оның 3-і тұрақты негізде жұмыс жасайтын) 1 аудандық аумақтық, 55 мүшесі бар 11 округтік және 125 мүшесі бар 25 учаскелік сайлау комиссиялары жұмыс жасайды. Сайлау комиссиялары азаматтардың сайлау және сайлану Конституциялық құқықтары мен бостандықтарын сақтау

бағытындағы жұмыстарын ҚР Конституциясы мен сайлау туралы заңнамаларына сәйкес жүргізе беретін болады. Дүниежүзілік сайлау күніне орай ауданымызда ағымдағы жылдың 26-қаңтары мен 6-ақпаны аралығында апталық өтуде. Мектептерде сынып сағаттары, интеллектуальдық ойындар, сайланған жас ауылдық округ әкімдері мен аудандық мәслихаттың жас депутаттары жастармен және жоғары сынып оқушыларымен кездесулер, мүгедектігі бар адамдарға кітапханаларда көрме, мұражайларға экскурсия және т.б. іс-шаралар өткізілді. Аудандағы барлық сайлау комиссиялары мүшелерін кәсіби мереке - Дүниежүзілік сайлау күнімен шын жүректен құттықтаймын! Баршаңызға зор денсаулық, мол бақыт, отбасыларыңызға береке-бірлік, еңбектеріңізге толымды табыс тілеймін. **Берік БИСКЕНОВ,**
Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы.

ШЫНАЙЫ ДІНДАРЛЫҚ – ЖАМАНШЫЛЫҚТАН ТЫЙЫЛУ

ӨМІР – СЫНАҚҚА ТОЛЫ САПАР. ОЛ АДАМДЫ НЕ МӨҢГІЛІК ҚУАНЫШҚА, НЕ ҚАЙҒЫ МЕН ӨКІНІШКЕ БАСТАЙДЫ. БҰЛ ҚЫСҚА ҒҰМЫРДЫҢ МӨНІ – АҚЫРЕТКЕ АЗЫҚ ЖИНАП, ЖАРАТҚАННЫҢ РАЗЫЛЫҒЫНА ҰМТЫЛУ. КІМДЕ-КІМ ӨМІРДІҢ ӨТКІНШІ, АЛ МӨҢГІЛІК ӨМІРДІҢ ШЫНАЙЫ ЕКЕНІН ҰҒЫП, ӨР СӨТІН ІЗГІЛІКПЕН ӨТКІЗСЕ – НАҒЫЗ БАҚЫТ ИЕСІ.



Ал уақыттың қадірін білмей, дүние қызығына алданып, рухани бейқамдыққа бой алдырған жан – өмірдің ең қымбат сыйынан, мәңгілік бақыттан құр қалады. Сондықтан өмірді Алланың берген үлкен сыйы әрі мүмкіншілігі ретінде бағалауымыз керек. Алла Тағала қасиетті Құранда: «Раббыларыңның көшіріміне, көңдігі жер мен көктей болған тақуалар үшін өзірленген жәннатқа ұмтылыңдар», – деген («Өли-Имран» сүресі, 133-аят). Өр күннің, әрбір мезеттің құнын түсінген адам, өз жан-дүниесін, жүрегін жақсы амалға, ізгілікке толтырады. Адам өмірінің мәні – Алланың хикметін сезіп, әр сәттің артында тұрған терең мағынаны ұғына білуде. Өмір – өткінші, ал дүние қызықтары уақытша ғана. Уақыттың қадірін білмей өткізілген әрбір күн – қайтып оралмас мүмкіндік. Сол себепті адам баласы өз өмірін бос өйремен емес, ізгілік пен мәнге толы амалмен өткізуге тырысуы қажет. Шынайы діндарлық – тек сөзбен емес, іспен көрінетін қасиет. Ол көп сөйлеп, өзгені сынауда емес, жамандықтан тыйылып, жақсылыққа ұмтылуда. Нағыз мұсылман – өзгеге зиян тигізбейтін, керісінше айналасына мейірім мен тыныштық сыйлайтын жан. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) хадисінде: «Нағыз мұсылман – өзгеге қолымен де, тілімен де зиян тигізбеген адам», – деген. Бұл хадис шынайы діндарлықтың

өлшемін айқын көрсетеді. Иmanın күші – сөзде емес, амал мен мінезде. Егер адам бойындағы ашу, күншілдік, өркөкіректік сияқты жаман қасиеттерден арылып, сабыр мен кешірімге бет бұрса – ол нағыз діндарлықтың дәмін татады. Алла Тағала қасиетті Құранда былай дейді: «Жақсылық пен жамандық тең емес. Жамандықты ең көркем түрде қайтар. Сонда сенің дұшпаның – жаныңдай жақын досқа айналады». («Фуссилат» сүресі, 34-аят). Міне, бұл – шынайы иманның жемісі. Өмірдің әр сәтін ізгі амалмен безендіріп, Алланың разылығына ұмтылу – адам баласының ең асыл мұраты. Өйткені нағыз діндар адам – жақсылықтың бастауы, жамандықтан тыйылуудың үлгісі. Имам Әбу әл-Фараж Абдурахман ибн әл-Жаузи (Алла оны рақымына алсын) өзінің «Хифзу әл-умр» атты еңбегінде: «Мына өмірді жәннаттағы мәңгілік бақытқа апаратын қысқа ғана мүмкіндік екенін білген адам, оны ешқашан босқа өткізбейді», – деген. Ғалымдарымыз: «Сенің басты қазынаң – өмір, оны қажетсіз істерге жұмсаудан сақ бол», – деп айтқан. Өмір – бізге уақытша берілген ұлы аманат. Оның басталуы да, аяқталуы да Алланың қалауында. Пенде кез келген сәтте Раббысына қайтуы мүмкін. Осыны сезіну адамды өміріне жауапкершілікпен қарап, әрбір сәтін бағалауға жетелейді. Өмір – ақыреттің егіс алқа-

бы. Бұл дүниеде өккенімізді ертең мәңгілік өмірде орамал мен мінезде. Сондықтан өмірдің мәнін түсінген жан әр күнін бос өткізбей, жақсылық жасауға, жүрегін тазартып, рухани байлыққа ұмтылуға талпынады. Шынайы діндарлық – көп амал жасап, көп сөйлеу емес. Ол – жамандықтан тыйылу, нәпсіні ауыздықтау және ізгілікке бет бұру. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өзінің хадис шәрифінде: «Бұл дүниеде сен бөтен адамдай немесе жолаушы секілді бол», – деген (имам Бұхари). Бірінші: шынайы діндарлық – ізгі істермен шұғылдана Адам баласының бұл дүниедегі ең ұлы мақсаты – Алланың разылығына ие болып, мәңгілік бақытқа жету. Ал бұл бақытқа жетудің жолы – ізгі амалдар мен таза ниетте. Өйткені дүние – өткінші, ал ақырет – мәңгілік. Бұл өмірде не ексең, ертең соның жемісін көресің. Шынайы діндарлық – сыртқы кейіппен, көп сөзбен немесе құр рәсіммен өлшенбейді. Ол – жүректегі ықылас пен амалдағы тазалық. Алланың разылығы – өз нәпсісін жеңіп, жамандықтан тыйылған жанға беріледі. Құран Кәрімде Алла Тағала: «Кімде-кім тозақтан аулақ әкетіліп, жұмаққа кірсе, зор жетістікке нәм мақсат-мұратына жеткен», – деген («Өли Имран», 185-аят). Нағыз діндар адам – өзгеге зиян тигізбейтін, керісінше,

айналасына жақсылық пен мейірім нұрын төгетін адам. Сондықтан шынайы діндарлық – көп сөзден гөрі жамандықтан тыйылып, жақсы амал жасау, өзіне де, өзгеге де пайда тигізу. Өмір – сынақ, ал шынайы діндарлық – сол сынақта сабыр мен ізгілік танытып, Алланың разылығына ұмтылу. Мұсылман адамның басты сипаттарының бірі – қоғамға пайдалы болу. Асыл дінімізде Алланың ризалығын көздеп, өзгелерге жәрдемдесу, адамдардың қажеттілігін өтеу үлкен құлшылық деп саналады. Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) хадисінде: «Адамдардың жақсысы (өзге) адамдарға көбірек пайда тигізгендері», – деп айтқан (имам Табарани). Ендеше, мұсылман адам Жаратушысының алдындағы намаз, ораза сынды парыз құлшылықтарды орындауымен қатар, шамасы келгенінше өзгелерге жәрдемдесу, жанашыр болу, қоғамға пайдалы іс жасау және т.б. істерді ұмыт қалдырмауы қажет. Қасиетті Құранда Алла Тағала: «Кімде-кім ізгі амал жасаса, өз пайдасына, сондай-ақ кім жамандық жасаса, өз зиянына. Раббың құлдарына өсте зұлымдық жасамайды», – деген («Фуссилат сүресі», 46-аят). Сондықтан адам баласы әр күнін пайдалы, сауапты амалдармен толтыруы керек. Ал Алла Тағалаға ең сүйікті іс ол – аз да болса үзілмей, әрдайым жалғасын тауып тұратын амал. Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Аллаға ең ұнамды іс-амалдар – аз болса да үздіксіз (тұрақты түрде) жалғасатыны», – деген (имам Бұхари). Имам ән-Нәууи (Алла оны рақымына алсын) осы хадисе түсініктеме берсе отырып, былай дейді: «Бұл хадис амалдарда тұрақты болуға шақырады, сонымен қатар бұл жерде кішігірім тұрақты іс, үлкен, бірақ тұрақты емес істен гөрі абзал екені айтылады. Үнемі жасалынатын кішігірім амал, үлкен ері тұрақсыз амалға қарағанда әлдеқайда көп пайда әкеледі». Діндарлықтың шынайылығы көп жасаған амалдың көлемімен емес, оны ықыласпен және тұрақтылықпен орындауда. Демек, әр түні оқылған екі рәқағат нәпіл намаз – бір рет көп оқылған нәпіл намаздан әлдеқайда қадірлі. Сол сияқты бір мезетте берілген үлкен садақадан гөрі, аз да болса, үзбей беріліп тұра-

тын садақа Алла алдында артық саналады. Бұл – шынайы діндарлықтың мәнін айқындайтын ұстаным. Алла Тағала пендесінің мол амалын емес, таза ниетін және амалындағы тұрақтылығын жақсы көреді. Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) хадисінде: «Алла Тағалаға ең ұнамды амалдар – аз болса да үздіксіз (тұрақты түрде) жалғасатыны», – деген (имам Бұхари). Нағыз діндар адам – өз ісінде тұрақтылық пен сабырлық танытқан жан. Ол көпшілікке көрсету үшін емес, Жаратқанның разылығы үшін амал жасайды. Осындай тұрақты ізгілік пен жамандықтан тыйылу – шынайы иманның көрінісі. Сондықтан мұсылман адам әр ісінде шынайылық пен тұрақтылыққа ұмтылып, аз да болса, үздіксіз жасалған жақсылықтың қадірін түсінуі қажет. Өйткені дәл осындай амалдар ғана жүректі тазартып, Алланың сүйікті құлына айналдырады. Екінші: шынайы діндарлық – нәпсіні тәрбиелеу Ислам діні адамның ішкі және сыртқы дүниесін бірдей тәрбиелеуге шақырады. Ал шынайы діндарлықтың ең биік көрінісі – нәпсіні тәрбиелеу. Нәпсі – адам бойындағы ең үлкен сынақ. Ол адамды жақсылық пен жамандықтың арасындағы таңдауға жетелейді. Егер адам нәпсісін тізгіндей алса – ол рухани жеңіске жетеді, ал нәпсісіне ерік берсе – ол өзіне зұлымдық жасайды. Құран Кәрімде Алла Тағала былай дейді: «Кім нәпсісін (тәкаппарлық пен Аллаға қарсы келу дертінен) тазартса – ол құтылды. Ал кім нәпсісін (тәкаппарлық пен кнүе батыпағына) батырып бүлдіргендер адыра қалады» («Шамс» сүресі, 9–10 аяттар). Шынайы діндар адам – өз нәпсісін тәрбиелей білген адам. Ол ашуын сабырмен, тәкаппарлығын кішіпейілділікпен, дүниеқоңыздығын қанағатпен жеңеді. Сүйікті Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) ең үлкен соғыстың бірі – Табук жорығынан қайтып келе жатып ардақты сахабаларына: «Кіші жиһадтан (жорықтан) үлкен жиһадқа (нәпсімен күресуге) оралдық», – деген. Яғни нәпсімен күрес – әрбір мұсылманның өмір бойғы міндеті. Өйткені нәпсіні жеңбей, шынайы діндарлыққа қол жеткізу мүмкін емес. Нағыз діндарлық – көп амал жасауда емес, жамандықтан тыйылып, нәпсіні жеңуде. Бұл – рухани кемелдіктің белгісі. Кім өз нәпсісін тәрбиелесе,

ол өз жүрегін тазартқан болады. Ал жүрегі таза адам – Аллаға жақын, адамдарға мейірімді болады. Сондықтан әрбір мұсылманның мақсаты – нәпсісін тәрбиелеу арқылы шынайы діндарлыққа жету. Өйткені нәпсісін жеңген адам ғана Алланың разылығына бөленіп, ақыретте мәңгілік бақытқа қауышады. Хасан әл-Басри (Алла оны рақымына алсын): «Жиһадтың ең абзалы – нәпсімен күресу»; «Жүгендеуге мұқтаж болған нәпсіснен артық асау жоқ», – деген екен. Халқымызда «Мықтымын деп мақтанба ақыл білсең, мықты болсаң алдымен нәпсінді жең», – деп айтуы тегін емес. Өйткені нәпсімен күресу үшін адамның бойында үлкен ерік пен жігер керек. Шәкәрім бабамыздың: Адамның сыртқы дене жаралысы, Нәпсісі – айуанмен анық теңдес. Белектігі – жалғыз-ақ таза ақылда, Өлің келсе, жол тап та осыны емдес! – деп айтқанындай, нәпсіні емдеудің, онымен күресудің өзіндік жолдары бар. Мұсылман адам ішкі қалауы әлдебір ой салғанда, сол істің дұрыс-бұрыстығын сарапал барып істеуі қажет. Өйтпесе, нәпсісінің қалауын орындай беру адамды орға жығары сөзсіз. Яхия ибн Муиз әр-Рази (Алла оны рақымына алсын): «Адамның жаулары үшеу. Олар: дүние, шайтан және нәпсі. Дүниеден зүһд (баз кешу) арқылы сақтан, шайтаннан оның азғырғанына қайшы іс жасау арқылы сақтан, ал нәпсіден шауатынды тәрк ету арқылы сақтан», – деген. Нәпсісін тыйған жанның қияметте орны жәннат екендігі Құранда былайша баяндалады: «Ал енді кім Раббысының құзырында тұрудан қорқып, нәпсісін жаман қалауларынан тыйған болса, негізінде оның баратын жері жәннат», – деп айтылған («Назіғат» сүресі, 40-41 аяттар). Қорыта айтқанда, шынайы діндарлық – сыртқы салтта емес, жүректегі тақуалықта. Ол – нәпсіні тәрбиелеу, жамандықтан тыйылу және Алла разылығы үшін өмір сүру. Өмір – сынақ, ал уақыт – аманат. Ендеше, әрбір мұсылман өз өмірін ізгі амалдармен безендіріп, нәпсісін жеңуге, жамандықтан тыйылуға және Раббысының разылығына ұмтылуы тиіс. **Бақырхық қажы ҚЫЗЫРҰЛЫ,**
Ойыл аудандық мешітінің бас имамы.

ДЕНСАУЛЫҚ БЕТІ

БИОЛОГИЯЛЫҚ БЕЛСЕНДІ ҚОСПАЛАР

ТАҒАМҒА БИОЛОГИЯЛЫҚ БЕЛСЕНДІ ҚОСПАЛАР –ТАБИҒИ ЖӘНЕ (НЕМЕСЕ) ТАБИҒИ БИОЛОГИЯЛЫҚ БЕЛСЕНДІ ҚОСПАЛАРҒА ҰҚСАС ЗАТТАР, СОНДАЙ-АҚ ТАМАҚПЕН БІР МЕЗГІЛДЕ ТҰТЫНУҒА НЕМЕСЕ ТАМАҚ ӨНІМДЕРІНІҢ ҚҰРАМЫНА ЕНГІЗУГЕ АРНАЛҒАН ПРОБИОТИКАЛЫҚ МИКРООРГАНИЗМДЕР.



ББҚ мемлекеттік тіркеуге жататын мамандандырылған тамақ өнімдеріне жатады. Кеден одағының «Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы» техникалық регламентінің (ТР ТС021/2011) 24-бабының 2-тармағына сәйкес аталған тамақ өнімін нағыз техникалық регламентте белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркелгеннен кейін өндіруге (дайындауға), сақтауға, (тасымалдауға) және өткізуге рұқсат етіледі.

Мамандандырылған тамақ өнімдерін мемлекеттік тіркеу оны кеден одағының кедендік аумағында өндіруге (дайындауға) дайындау кезеңінде, ал Кеден одағының кедендік аумағына әкелінетін мамандандырылған тамақ өнімдерін - оны кеден одағының кедендік аумағына әкелгенге дейін

жүргізіледі. Өнімнің мемлекеттік тіркелуіне халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган айқындайтын тәртіппен ЕАЭО шешімдерімен айқындалатын өнім жатады. Осылайша, өнімге мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің болуы оның қауіпсіздігі мен сапасын растайды. Осыған байланысты сауда субъектілеріне (объектілеріне) мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті міндетті түрде болған кезде тағамға биологиялық белсенді қоспаларды өткізуді жүзеге асыра алады. Ал, әрбір тұтынушы тағамға биологиялық белсенді қоспаларды сатып алу кезінде сатушыдан оның қауіпсіздігін растайтын құжатты талап етуге құқылы.

КӨКЖӨТЕЛ

ОЛ ҰЗАҚҚА СОЗЫЛАТЫН, ПАРОКСИЗМАЛДЫ (ҰСТАМАЛЫ) ЖӨТЕЛМЕН ЖӘНЕ ТЫНЫС АЛУ ЖҮЙЕСІНІҢ ЗАҚЫМДАНУЫМЕН СИПАТТАЛАДЫ. АУРУ ӨСІРЕСЕ 5 ЖАСҚА ДЕЙІН-ГІ БАЛАЛАРҒА ҮШІН ҚАУІПТІ, АЛАЙДА ЕКПЕ АЛМАҒАН НЕМЕСЕ ИММУНИТЕТІ ӨЛСІРЕГЕН ЕРЕСЕКТЕРДЕ ДЕ КЕЗДЕСУІ МҮМКІН.



Инкубациялық кезеңі 4-6 (көбінесе 5-8 созылуы мүмкін) күннен 3 аптаға дейін созылады. Ағзаға енген бактериялар көбейіп, тыныс алу жолдарының шырышты қабығын зақымдай бастайды.

Ауру суық тию белгілеріне ұқсас болады, мұрыннан су ағу, құрғақ, жеңіл жөтел, дене қызуының сәл көтерілуі (жиі 37,5°С шамасында), жалпы әлсіздік, осы кезеңде көкжөтел аса қауіпті емес, бірақ адам айналасындағыларға өте жұқпалы болады. Аурудың негізгі белгісі – ауыр, ұстамалы жөтел пайда болады. Жөтелдің ерекшеліктері ұзаққа созылатын жөтел ұстамалары (бірнеше минутқа дейін), жөтел кезінде “ысқырықты” дыбыс (реприз), бала жөтелгенде беті қызырып, көгеріп кетуі мүмкін, жөтелден кейін құсу байқалуы мүмкін, ұйқының бұзылуы, әлсіздік.

Қоздырғыштың берілуі инфекция жұқтырған адаммен тығыз байланыста болған кезде ауа-тамшылы жолмен жұғады. Алдын алу шаралары: көкжөтел вакцинациямен басқарылатын инфекциялар қатарына жатады. ҚР Ұлттық егу күнтізбесінде сәйкес балаларға 2, 3, 4, 18 айлығында және 6 жаста мезгіл-мезгілдені сау кезінде көкжөтелге, дифтерияға, сіріспеге қарсы біріктірілген вакцина егіледі.

Қоршаған ортаға жұқпаны таратпау үшін науқасты дер кезінде оқшаулап, дәрігерге жүгінген қажет. Науқас адаммен қарым-қатынасты шектеу, ауаны жиі желдету және ылғалды тазалау. Көкжөтел – өте жұқпалы ауру, әсіресе балалар үшін қауіпті. Алдын алудың негізгі жолы – уақытында екпе алу. Егер балада қатты жөтел пайда болса, уақыт өткізбей дәрігерге қаралу қажет.

ВАКЦИНА — ҚОРҒАНЫС КЕШІ

Қазіргі таңда денсаулық сақтау саласында вакцинацияның рөлі ерекше. Вакцинация – жұқпалы аурулардың алдын-алудың ең тиімді әдістерінің бірі.

Бұл әдіс адам ағзасына белгілі бір инфекцияларға қарсы иммунитет қалыптастыруға көмектеседі. Вакцинацияның басты мақсаты – жұқпалы аурулардың таралуын болдырмау. Вакцинация арқылы қызылша, көкжөтел, полиомиелит, тұмау, сіріспе, күл және т.б. аурулардың алдын алуға болады.

Ұжымдық иммунитетті қалыптастыру халықтың көп бөлігі вакцина алған кезде аурудың таралуы төмендейді. Бұл иммунитеті әлсіз немесе медициналық себептермен вакцина ала алмайтын адамдарды да қорғайды.

Қазақстан Республикасында әр бір адам Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 24 қыркүйектегі «Медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде оларға қарсы міндетті профилактикалық екпелер жүргізілетін аурулардың тізбесін, екпелерді жүргізу қағидаларын, мерзімдерін және халықтың профилактикалық екпелерге жататын топтарын бекіту туралы» № 612 қаулысымен белгіленген мерзімінде тізбе бойынша жоспарлы

профилактикалық екпелерді алуға құқылы.

Инфекциялық ауруларға қарсы медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде міндетті профилактикалық екпелер Республикалық бюджет қаражаты және жергілікті бюджет қаражаты есебінен алынады және арнайы оқып-дайындалып, рұқсат алған медициналық қызметкерлер әр егілушіге тегін, дені сау кезінде тіркелген бастапқы медициналық-санитариялық көмек көрсететін мекемедегі егу бөлмесінде жүргізеді.

ЖОСПАРЛЫ ТҮРДЕ МІНДЕТТІ ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ЕКПЕЛЕР:

- туберкулезге 1-4 күн;
- “В” вирусты гепатитке: 1-4 күн, 2 ай, 4 ай;
- полиомиелитке 2 ай, 3 ай, 4 ай, 12-15 ай, 18 ай;
- көкжөтел, дифтерия, сіріспеге 2 ай, 3 ай, 4 ай, 18 ай, 6 жас (1 сынып);
- b типті гемофильдік инфекцияға (Hib): 2 ай, 3 ай, 4 ай, 18 ай;
- пневмококк инфекциясына 2 ай, 4 ай, 12-15 ай;
- қызылша, қызамық, эпидемиялық паротитке 12-15 ай, 6 жас (1 сынып);
- “А” вирусты гепатитке 2 жас 6 ай аралықпен екі рет;
- Дифтерия, сіріспеге 16 жас және әр 10 жыл сайын егу жасалады.



ҚЫЗЫЛША, ҚЫЗАМЫҚ ЖӘНЕ ПАРОТИТ

БҰЛ АУРУЛАРДЫҢ САЛДАРЫ ӨТЕ ҚАУІПТІ БОЛУЫ МҮМКІН! ОЛАР АУА ТАМШЫЛАРЫ АРҚЫЛЫ ТАРАЛАТЫН ЖІТІ ВИРУСТЫҚ АУРУЛАР. ҚЫЗЫЛША МЕН ҚЫЗАМЫҚ АЛЫС ҚАШЫҚТЫҚҚА ДА ЖҰҒАДЫ, ТАСЫМАЛДАУШЫ МІНДЕТТІ ТҮРДЕ ЖАҚЫН ЖЕРДЕ ТҮШКІРМЕЙДІ, ОНЫҢ КӨРШІ БӨЛМЕДЕ БОЛУЫ ДА ЖЕТКІЛІКТІ НЕМЕСЕ ВИРУС ЖЕЛДЕТУ ЖҮЙЕСІ АРҚЫЛЫ ЕНУІ МҮМКІН.

Паротит жағдайында, науқас оқшауланған кезде, вирус бөлмеден ары қарай өтпейді. Аурулардың осы «үштігінің» белгілері мен салдары: Қызылша жоғары температура, жөтел, мұрыннан су ағу, конъюнктивит және бөртпемен бірге жүреді. Егер бала тасымалдаушымен байланыста болса және вакцина алмаса, онда инфекцияны жұқтыру ықтималдығы өте жоғары - 95-96%. Қызылшаның негізгі ерекшелігі - теріде бөртпенің пайда болуы.

Ол жоғарғы тыныс жолдарының катаральды көріністерімен ауыр суықтау симптомдарынан басталады. Содан кейін бет пен денеде үлкен қызғылт бөртпе пайда болады, содан кейін қолдар мен аяқтарға таралады. Бөртпе жоғары температурамен бірге жүреді. Қызылшаның асқынуы аурудың өзінен де қауіпті болуы мүмкін: отит медиасы, пиелонефрит, ларинготрахеит (круп), пневмония, менингит, энцефалит (мидың қабынуы). Эпидемиялық паротит құлақ маңы және жақ асты сілекей бездерін зақымдайды. Инфекцияның әсерінен олар ісінеді және беті дөңгелек болады. Бұл ауру жоғары температура



рамен сипатталмайды, сілекей бездерінің ісінуіне байланысты баланың шайнауы және жұтуы қиындайды. Паротит ұйқы безіне әсер етуі мүмкін, сансыраулық, энцефалит, менингит (мидың және ми қабығының қабынуы), ұлдарда аталық бездің қабынуын тудыруы мүмкін, бұл кейін ерлердің бедеулігіне қауіп төндіреді. Қызамық тері бөртпесі және мойын және желке лимфа түйіндерінің ұлғаюы түрінде көрінеді, пальпация кезінде ауырады. Ауру жүкті әйелдерге қауіп төндіреді. Егер

жүкті әйел қызамықпен ауырса, бұл ұрықтың өліміне және баланың дамуында миопия, жүрек ақаулары, көреңдік, нәрестенің физикалық дамуының бұзылуы сияқты ақауларға әкелуі мүмкін. Әрбір баланы кез-келген жасында осы жұқпалардан қорғау үшін екпе салдыру қажет. Бала-лық шақтағы вакцинация ересектердегі аурудан сенімді қорғайды. Вакцинация қызылшаға, қызамыққа және паротитке қарсы әсер ететін бір вакцинаны енгізу арқылы жүзеге асырылады.

1.Профилактикалық егу күнтізбесі бойынша егу 12-15 айда жүргізіледі. Бірақ вакцинаны бір рет енгізу инфекциядан толық қорғауды қамтамасыз етпейді. 2.Қызылша, қызамық, эпидемиялық паротитке қарсы ревакцинация 6 жаста жүргізіледі және ондаған жылдарға созылатын 90%-дан астам толық иммундық қорғанысты қамтамасыз етеді. Осы жұқпалар тіркелген жағдайда, ауырған адам және қарым-қатынаста болған адамдарды оқшаулау қажет.

Арнаулы бет Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасымен әзірленді

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат
Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1383 дана. Тапсырыс 155 Көлемі 1 баспа табақ, индекс 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

«ҚАҰПСІЗ ҚОҒАМ – СТАЛКИНГСІЗ ӨМІР»



Бүгінгі қоғамдағы отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы аса ауыр қылмыстардың өсуі алаңдаушылық туғызуына орай, Қазақстан Республикасы ішкі істер министрлігінің арнайы тапсырмасы негізінде Ойыл ауданы әкімдігі жанындағы әйелдер істері және отбасылық демографиялық саясат жөніндегі комиссиясы аудандық полиция бөлімімен бірге «Қауіпсіз қоғам – Сталкингсіз өмір» атты форум-диалог іс-шарасын ұйымдастырды.

«Қауіпсіз қоғам – Сталкингсіз өмір» атты форум-диалог барысында отбасылық-тұрмыстық қатынастар сала-

сындағы, соның ішінде сталкингке байланысты өзекті мәселелер жан-жақты талқыланды. Сталкингтің алдын алу, жәбірленушілерге дер кезінде көмек көрсету, құқық бұзушылықтарға нөлдік тәзімділік қағидатын қалыптастырудың маңыздылығын арнайы сала мамандары атап өтіп, сұрақ-жауап арқылы біршама мәліметпен сусындады.

Форумға Ойыл селосындағы мектептердің жоғары сынып оқушылары, Ойыл кәсіптік колледжінің студенттері және де мектеп директорларының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары мен мектеп психологтары шараға қатынасты.

БИЗНЕСКЕ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ БОЙЫНША АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНДА ЖАҢА ЖОСПАР ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Облыстық прокуратура, облыс әкімдігі және «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы 2026-2027 жылдарға арналған бизнеске жағдай жасау жоспарын бекітті. Оның іске қосылғаны туралы облыстық прокуратурада кәсіпкерлерді қорғау және инвестициялық жобаларды сүйемелдеу мәселелерін талқылау жөніндегі кеңесте хабарланды. Кездесуді облыс прокуроры Марат Әбішев өткізді, оған Палата директоры Дидар Боранқұлов қатысты.

Облыс прокурорының айтуынша, бұл құжат формальдылыққа айналмауы тиіс, жұмыс бизнес әл-ауқаты бойынша тұрақты мониторинг жүргізу арқылы ұйымдастырылуы керек – қай жерде қиындықтар бар, қай жерде кедергілер, қай жерде олқылықтар байқалады. Мақсат – кәсіпкерлердің нақты мәселелерін айқындап, оларды тез және бірлесе шешу, кейіннен қарау ғана емес.

Бизнеспен кездесулер тәжірибесі облыстық деңгейде облыс әкімінің және Палата өкілдерінің қатысуымен жалғастырылады. Аудандарда бұл жұмысты айтарлықтай күшейту тапсырылды. Сонымен қатар, бизнесті қорғау мәселелерімен айналысатын ведомствоаралық жұмыс тобы күшейтілетін болады.

Арнайы назар – инвесторларға. Облыс прокурорының инвестициялық жобалар бойынша аға көмекшісі Жұмағали Рысалидин хабарлағандай, бірінші тоқсанда Арнайы экономикалық аймақ аумағында «бір терезе» қағидаты бойынша Инвесторларға қызмет көрсету орталығы ашылады. Оның мақсаты – өзара әрекеттестікті жеңілдету және заңсыз тексерістер мен артық қысымды болдырмау мүмкіндік беретін «прокурорлық сүзгі» механизмін дамыту. Орталық инвестиция саласындағы жоғары қадағалау аясында жұмыс істейді. Сонымен қатар бизнес пен қадағалау органдарының қатысуымен «Кәсіпкерлікті қорғау форумы» жоспарланған.

Мемлекеттік органдармен бірге кәсіпкерлерді қабылдаудың бірыңғай кестесі бекітіледі. Ведомствоаралық топтың отырыстарында құрылыс, өңдеу өнеркәсібі мәселелері тұрақты түрде көтеріліп, инвесторлар мен кәсіпкерлер құқығын қорғауда «Заң мен тәртіп» қағидалары енгізіледі. Облыс прокурорының тапсырмасы бойынша әр маңызды инвестициялық жобаға жауапты қызметкер бекітілген, осы-

лайша сүйемелдеу формальдылық емес, нақты болады. Өндірістік қуаты толық жүктелмеген жергілікті өндірушілерге де назар аударылды. «Атамекен» палатасындағы Өңірлік кеңес құрамында арнайы жұмыс тобы құрылып, мұндай кәсіпорындарға мемлекеттік қолдау шараларын алуға және «қайта жүктелуге» көмектеседі.

Дидар Боранқұлов атап өткендей, бұл – жаңа жұмыс моделі, мұнда мемлекет, қадағалау органдары және бизнес алдын ала әрекет жасап, мәселелерді туындамай тұрып шешеді, салдарын талдаумен шектелмейді. Кәсіпкерлерге, оның айтуынша, ең алдымен түсінікті ережелер, әділ талаптар және артық қысымнан қорғаныс қажет.

«Сондықтан жоспардың негізінде – тексерістердің заңдылығы, профилактикалық бақылау және негізсіз араласуды болдырмау. Негізгі құрал — «прокурорлық сүзгі», ол адал бизнесті қорғауы тиіс. Үлкен блок заңнаманы түсіндіруге арналған: ӨРПҚ нормалары, мемлекеттік сатып алуға өзгерістер, салық, санитарлық, өрт қауіпсіздігі және еңбек талаптары. Ережелер неғұрлым түсінікті болса, даулар мен айыппұлдар соғұрлым аз болады», — дейді ӨКП басшысы.

Бизнес сенімін Палатаға түскен өтініштер статистикасы да көрсетеді. 2024 жылы 199 өтініш түскен, соның 145-і оң шешім тапты. 2025 жылы — 287 өтініш, 203-і шешілген. Өсім — 44%. Сонымен қатар, кәсіпкерлер мәселелерін жылдам және аз шығынмен шешу үшін медиация және сотқа дейінгі реттеу дамып келеді. Кәсіпкерлер палатасы жүйелік мәселелерді жинақтау, әкімшілік кедергілерді азайту ұсыныстарын дайындау, іскерлік климатты сауландыру жүргізу және ашық диалог алаңдарын ұйымдастыру міндетін атқарады. Мағынасы – бизнестің дауысы айыппұлдар мен соттардан кейін емес, ал тиісті шешімдер қабылданбай тұрып естілуі керек.

Кездесу қорытындысы бойынша тараптар бизнестің проблемалық мәселелері бойынша апта сайын салыстыру жүргізуге және проблемаларды шешудегі ілгерілеулерді бақылауға келісті.

Жоспардың тиімділігін есептіліктер бойынша емес, ал негізсіз тексерістер азая ма, мәселелер жылдам шешіле ме, бизнес өзіне сенімдірек сезіне ме сияқты нәтижелер бойынша бағалайтын болады.

БІРЛЕСКЕН КЕҢЕСТІҢ БЕРЕРІ КӨП

ӨТКЕН АПТАДА «АТАМЕКЕН» КӘСІПКЕРЛІК ПАЛАТАСЫ АУДАНДЫҚ ФИЛИАЛЫНЫҢ ҰЙЫТҚЫ БОЛУЫМЕН ЖЕДЕЛ ШЕШУДІ ТАЛАП ЕТЕТІН ЖҮЙЕЛІ ПРОБЛЕМАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРДІ АНЫҚТАУ МАҚСАТЫНДА АУДАН ПРОКУРОРЫ АҚЕДІЛ ҮСЕНОВТИҢ КӘСІПКЕРЛЕРМЕН КЕЗЕКТІ КЕЗДЕСУІ ӨТТІ.

Бизнес өкілдерімен кездесуге аудандық мемлекеттік крістер басқармасының басшысы Берік Майланов, аудандық сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Айбек Жәлелов, аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің аға инспекторы Азамат Тарыбай, аудандық кәсіпкерлік және ауылшаруашылығы бөлімінің бас маманы Әйгерім Мейрамқызы, аудандық жер қатынастары бөлімінің бас маманы Наурызбай Нұрмұханов және «Азаматтарға арналған Үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы Ақтөбе облысы бойынша филиалы Ойыл аудандық бөлімінің тіркеуші маманы Нұрболат Тумышевтар қатысты.

Мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі бизнесті қолдау және оның қызметіне мемлекеттік аппараттың не-

гізсіз араласуына жол бермеу екеніне тоқталған аудан прокуроры аудандық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп диалог алаңдарын ай сайын өткізіп тұрғанын, сол кездесулерде көтерілген мәселелер бойынша тиісті шаралар қабылда- нып жатқанын жеткізді.

Аудандық кәсіпкерлік палатасының директоры Жасұлан Ержанов аудандағы кәсіпкерлерге көрсетіліп жатқан құқықтық көмек пен қолдау туралы атқарылған жұмыстарға тоқталды.

Бұл жолғы кездесуде «Аманат» шаруа қожалығының төрағасы Жалғас Сидағалиев ауылшаруашылығы мақсатындағы жер учаскесіне электр желісін тартуды сұраса, «Сәт-Бақ» шаруа қожалығының төрағасы Донат Майланов қарыздарды өндіру жолдарын сұрады. Кездесу соңында кәсіпкерлер тарапынан қойылған сұрақтарға жауаптар беріліп, жеке қабылдаулар өткізілді.

«ҰЛТ МҰРАСЫ - ОРАМАЛДАҒЫ ӨРНЕК»

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙДЫҢ ТӨРТІНШІ ОТЫРЫСЫНДА ҰЛТТЫҚ КИІМДІ НАСИХАТТАУ БАҒЫТЫНДА ЖҰМЫСТАРДЫ ЖАЛҒАСТЫРУДЫ ТАПСЫРҒАН БОЛАТЫН.

Қазақ аналары «Дәстүрге жол» жобасының Ойыл аудандық бірлестігінің 2026 жылға арналған жоспарына сәйкес, Шығанақ Берсиев атындағы Ойыл аудандық өнер және өлке тарихы музейінің "Тарих" залында Орамал күніне орай арнайы алғашқы шарасын ұйымдастырды. Шараны музей саласының үздігі, зейнеткер Балқия Тілеужанқызы жүргізді. Ақ жаулықты аналарымызбен жас келіндерге ақ орамалдың шығу тарихы, қасиеті мен ырым-тиымдарға қатысты жан-жақты аңыз болып жеткен тарихи деректерді жеткізе білді. Аналарымыз келіндерге ақ батасын беріп, орамал тағудың түрлерін көрсетті, келіндер қазіргі заман талабына сай орамалды тағу үлгісін көрсетіп өз ризашылықтарын білдірді. Шара соңы «Ұлт

мұрасы – орамалдағы өрнек» тақырыбындағы көрмесімен танысуға ұласты. Көрменің мақсаты ұлттық құндылықтарды дәріптеп, орамалдағы өрнек арқылы аналар аманатын насихаттауға бағытталды. Көрмені насихаттауға Балқия Тілеужанқызы атсалысып, үлесін қосты. "Ұлт мұрасы - орамалдағы өрнек" атты көрмесін ғылыми қызметкер Дана Жолдасқызы таныстырды. "Әйел бақыты" клубының жас келіндері орамалдардың тарихы мен қасиеті және түрлерінің үлгілері туралы біраз жақсы мағлұматтар алды. Көрмеге қойылған кимешек, сәукеле, орамалдарға салынған ұлттық ою-өрнек элементтері жан-жақты таныстырылды. Ұйымдастырылған шара тартымды, әрі тәрбиелік маңызы жоғары деңгейде өткізілді.

МҰҚАҒАЛИ - ХАЛҚЫМЕҢ БІРГЕ МӘЦГІ ЖАСАЙДЫ

Мұқағали Мақатаев (шын аты – Мұхаммедқали) – қазақтың ұлы лирик ақыны, өз заманында лайықты бағасын ала алмаса да, кейінгі ұрпақ үшін мәртебесі биік, ақиық ақын. Тірі кезінде көп бағаланбағанымен, бүгінгі таңда оның есімі өшпей, халқымен бірге мәңгі жасап келеді.

Мұқағали Мақатаев 1931 жылы Алматы қаласында дүниеге келген. Балалық шағы ел басына түскен ауыр кезеңдермен тұспа-тұс келді. 1932–33 жылдардағы ашаршылық кезінде ол небәрі бір-екі жаста ғана еді. 1937 жылғы саяси қуғын-сүргін кезінде алты қауға болды. Ал Екінші дүниежүзілік соғыс басталғанда он жастағы бала болатын. Соғыс ақын шаңырағына ауыр соққы болып тиді – әкесі Сүлеймен майданда қаза тапты. Осындай ауыр тағдырды бастан кешірсе де, Мұқағали мойымай, өмірдің қиындықтарына төтеп бере білді. Ол сол жылдары күйзеліске түскен халыққа рухани демеу бола алған ақындардың бірі болды.

Бүгінде Мұқағали есімі поэзиямен қатар аталады. Бұл ақынды танымайтын қазақ кемде-кем. Оның қазақ халқының рухани дамуына, қазақ тілінің сақталуына қосқан үлесі орасан зор. Ақын шығармалары қазақ поэзиясын жаңа биіктерге көтеріп, мазмұнын байытты.

Мұқағали Мақатаев – нәзік сезімді, терең ойлы, шынайы ақын. Оның жырлары әр жүрекке жол табар сыршылдығымен, бейнелі образдарымен ерекшеленеді. Ақын

махаббат тақырыбын ерекше тәбірленіспен жырлады. Ол махаббатты ардақтады, сағыныш пен іңкәрлікті асқан нәзіктікпен суреттеді. Сағына білген адам ғана шын сүйе алатынын өз өлеңдері арқылы дәлелдеді. Ақын аударма саласында да үлкен еңбек сіңірді. Ол Дантениң «Қүдіретті комедиясындағы» «Тамұқ» бөлімін, Шекспирдің «Сонеттерін», Уолт Уитменнің өлеңдерін қазақ тіліне аударып, ұлттық әдебиет қорын байытты. Мұқағали жастайынан өлеңге әуес болып, алғашқы жырларын он-он бір жасынан бастап жазбастанды. Өр тақырыпты терең толғап, өмірдің қуанышы мен қайғысын, сағыныш пен үмітті шынайы жеткізе білді. Оның өлеңдері – шын шабыттан, шын сезімнен туған туындылар. Ақынның өзі: «Егер менің өмірбаянымды, шығармашылығымды зерттемек болсаңдар, менің не жазсам, соның бәрін оқып шығыңдар. Мені өз өлеңдерімнен бөліп қарамауларыңызды өтінемін» – деген екен.

Туған жеріне, Отанына арналған өлеңдерін оқығанда, әр адамның бойында патриоттық сезім оянады. Ақынның құдіреті де осында. Сондықтан да халқы оған «Ғасыр ақыны» деген ат берді.

Мұқағали мұрасы – мәңгілік. Оның маржан поэзиясы болашақ ұрпақтың да рухани қазынасы болып қала бермек. Ақынның сөзі өлмесе, өзі де өлмейді.

Г.ТАНКИЕВА,
Ойыл аудандық сот
өкімшісінің басшысы.

Құттықтау

ОЙЫЛ АУДАНЫ
ҚАРАКЕМЕР АУЫЛЫНЫҢ ТҰРҒЫНЫ
ӨНУАР САЙЫНҰЛЫ ЖАЙЛЫБАЕВТЫ
63 ЖАСҚА ТОЛУЫМЕН ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



Құрметті Өнуар!
Зейнет жасың құтты болсын! Сен ата дәстүр салтымен атаң Тұрдалы, өкең Сайынның ізін қуып қара шаңырақтың иесі болып отырсың. Біз саған ризамыз. Саған зор денсаулық тілей отырып, келіміз Гүлнармен бала шағаның қызығын көруге тілекшіміз!

Тілек білдірушілер бауырларын Жайлыбаевтар әулеті.

СТУДЕНТТЕР ӘСКЕРИ КАФЕДРАҒА ОҚУҒА ТҮСУ ҰШІН ӨТІНІШТІ EGOV.KZ ПОРТАЛЫ АРҚЫЛЫ ОНЛАЙН ТАПСЫРА АЛАДЫ



2026 жылғы 1 ақпаннан бастап қазақстандық жоғары оқу орындарының студенттері әскери кафедраға оқуға түсуге өтінішті eGov.kz порталы арқылы толық онлайн форматта бере алады. Құжат тапсырудың жаңа тәртібі офицерлер мен запастағы сержанттарды даярлау бағдарламаларына конкурсқа қатысу процесін жеңілдетіп, өлімдіздің барлық өңіріндегі студенттер үшін оны ашық әрі қолжетімді етеді.

Әскери кафедрада оқу студенттерге негізгі біліммен қатар қосымша кәсіби даярлықтан өтуге мүмкіндік береді. Оқу курсы аяқтағаннан кейін түлектерге «запастағы лейтенант» немесе «запастағы кіші сержант» әскери атағы беріледі. eGov.kz порталы арқылы өтінішті күндізгі бөлімде оқитын бакалавриат студенттері тапсыра алады. Өтініштерді қабылдау 2026 жылғы 30 қыркүйекке дейін жалғасады.

«Бұрын студенттер құжаттарды тікелей жоғары оқу орындарында қағаз түрінде тапсыруға мәжбүр болатын. Біз азаматтардың мемлекетпен өзара іс-қимылын жеңілдету және офлайн жүгінуді азайту үшін сұранысқа ие қызметтерді кезең-кезеңімен цифрлық форматқа көшіруді жалғастырып келеміз. Әскери кафедраларға онлайн өтініш қабылдау – осы бағыттағы тағы бір маңызды қадам», – деді «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ басқарма төрағасы Дәулет Бекманов.

Өтініш берудің жаңа форматы тек ыңғайлылықты арттырып қана қоймай, тексеру процестерін де автоматтандыруға мүмкіндік береді.

Өтінім жіберілер алдында жүйе үміткер туралы психоневрологиялық, наркологиялық және туберкулез диспансерлері бойынша, сондай-ақ мүгедектігінің және соттылығының бар-жоғына қатысты мәліметтерді автоматты түрде тексереді. Жеке басын куәландыратын деректер мен

білім туралы мәліметтер мемлекеттік ақпараттық жүйелерден пайдаланушының қатысуынсыз алынады. Байланыс телефоны Мобильді азаматтар базасында (МAB) тіркелген болса, автоматты түрде толтырылады, ал болмаған жағдайда қолмен енгізіледі.

ҚЫЗМЕТТІ ПАЙДАЛАНУ
ҰШІН ПАЙДАЛАНУШЫҒА:
* eGov.kz порталында авторизациядан өтіп, «Басты бет» – «Азаматтарға» – «Әскери есеп және қауіпсіздік» – «Әскери қызмет» бөлімдеріне өту;
* «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымында әскери кафедраға оқуға түсу үшін өтініштерді қабылдау» қызметін таңдап, «Онлайн сұрау» батырмасын басу;
* қажетті деректерді толтырып, әскери кафедра мен оқу бағдарламасын таңдау;
* дербес деректерді пайдалануға келісім беру;
* сұранысты қол қоюдың қолжетімді тәсілдерінің бірімен растау қажет.

Өтініштің қаралу нәтижесі пайдаланушының жеке кабинетінде «Қызметтерді алу тарихы» бөлімінде қолжетімді болады. Оң шешім қабылданған жағдайда өтініш берушіге уәклетті тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасымен расталған электрондық құжат ұсынылады. Бас тартылған жағдайда себептері көрсетілген дәлелді хабарлама жіберіледі.

Өтінішті қарау мерзімі оны тапсырған сәттен бастап бес жұмыс күніне дейінгі уақытты құрайды.

Қызмет Қазақстан Республикасы Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің Мемлекеттік қызметтер комитеті, «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің бірлескен жұмысының нәтижесінде іске асырылды.

Анар МАГЗУМОВА,
«ҰАТ» АҚ Корпоративтік коммуникациялар департаменті.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Исмағанбетов Дәулеттің атына берілген D 492 AKD вагон тіркемесінің мемлекеттік тіркеу құжатының және техникалық паспортының жоғалуына байланысты жарақсыз деп танылсын.